

Алатау қаласы Кеңесінің
шешімімен бекітілген
(2026 жылғы 10 шілдедегі № 1 хаттама)

**Алатау қаласы Кеңесінің
Жедел комитеті туралы ереже**

Астана, 2026 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Алатау қаласы Кеңесінің Жедел комитеті (бұдан әрі – Жедел комитет) «Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы (бұдан әрі – әкімшілік) Алатау қаласы Кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) Кеңес тарапынан Жедел комитетке берілген жедел шешімдер қабылдау және жекелеген ішкі мәселелерді бекіту мақсатында Кеңес мүшелерінің арасынан құрылатын комитеті болып табылады.

2. Осы Ереже Жедел комитеттің мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, құзыретін, құрамы мен қызмет тәртібін, сондай-ақ оның отырыстарын дайындау, шақыру және өткізу тәртібін айқындайды.

3. Жедел комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын (бұдан әрі – Конституциялық заң), әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерін, «Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы туралы ереженің Жедел комитеттің қызметіне қолданылатын бөлігін, Кеңес шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Жедел комитет Кеңеске есеп береді және өз қызметін тек Кеңес өзіне берген өкілеттіктер шегінде ғана жүзеге асырады.

Жедел комитет өзіне берілген мәселелер бойынша қабылдаған шешімдер Кеңес отырысында бөлек бекітуді талап етпейді, олардың міндетті күші болады.

5. Жедел комитеттің құрылу және жұмыс тәртібі, оның сандық құрамы және Кеңестің берілген өкілеттіктері осы Ережемен, Кеңестің шешімдерімен және (немесе) Кеңес бекітетін әкімшіліктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

2-тарау. Жедел комитеттің мақсаты мен міндеттері

6. Жедел комитеттің мақсаты Кеңес өзіне берген мәселелер бойынша жедел, тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

7. Жедел комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Кеңес тарапынан Жедел комитетке берілген мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

2) осы Ережеге сәйкес шешімдер қабылдаудың жеделдігін қамтамасыз ету;

3) арнаулы құқықтық режим мақсаттарына қол жеткізуге және Алатау қаласының жұмыс істеуі мен дамуы жөніндегі міндеттерді іске асыруға жәрдемдесу.

3-тарау. Жедел комитеттің құзыреті

8. Жедел комитеттің құзыретіне мынадай мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) әкімшіліктің жұмыс жоспарын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) әкімшіліктің бюджетін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) әкімшіліктің қаржылық есептілігіне, оның қызметінің тиімділігіне және әкімшіліктің қарамағындағы қаржылық қаражаттың пайдаланылуына сыртқы аудитті жүзеге асыратын халықаралық аудиторлық ұйымды, сондай-ақ оның көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

4) блоктық бюджеттеу қағидаларын бекіту;

5) әкімшілік бюджетінің есеп саясаттарын бекіту;

6) Алатау қаласындағы бюджет режимінің әкімшілік бюджетін жоспарлау, бекіту, нақтылау, түзету, атқару, мониторингілеу, ішкі және сыртқы аудит және қаржылық бақылау тәртібін көздейтін арнайы ережелерін бекіту;

7) әкімшіліктің, Алатау қаласы мәслихаты мен әкімдігінің қызметін қамтамасыз ету нормалары мен нормативтерін бекіту;

8) Алатау қаласының стратегиялық құжаттарын әзірлеу, түзету және олардың іске асырылу тиімділігін бағалау әдінамасын айқындау;

9) әкімшіліктің иелігіне, пайдалануына және билік етуіне берілуге тиіс Алатау қаласының коммуналдық мүлкін берудің тізбесін, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

10) әкімшілік бюджетінің резервтерін қалыптастыру, есепке алу, толықтыру және пайдалану тәртібін бекіту;

11) меншікті кірістер, ерікті мүлктік жарналар, үшінші тұлғалардың қайырмалдықтары, сондай-ақ Конституциялық заңда жол берілетін өзге де түсімдер есебінен қалыптастырылатын әкімшілік бюджетінің қаржылық резервтерін қалыптастыру, есепке алу және пайдалану тәртібін бекіту;

12) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың түрлерін, көлемдері мен тәртібін айқындау;

13) Конституциялық заңмен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Кеңес қабылдайтын әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қарау;

14) Кеңестің берілген өкілеттіктері шегінде әкімшіліктің өзге де саясаттарын, регламенттерін, ережелерін және орындалуы міндетті басқа да ішкі құжаттарын бекіту;

15) мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын бекіту;

16) әкімшілік шеңберінде консультативтік-кеңесші органдарды, сараптамалық және жұмыс топтарын құру және олар туралы ережелерді бекіту;

17) әкімшіліктің өзге де заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы;

18) Кеңес хатшысын тағайындау және босату, еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

19) Кеңеске есеп беретін қызметкерлерді тағайындау, оларға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;

20) Кеңес шешімдерімен айқындалатын өзге де мәселелер.

9. Жедел комитет шешімдерді тек осы Ережеде көзделген және (немесе) Кеңес оған тікелей берген мәселелер бойынша ғана қабылдайды.

10. Жедел комитет әкімшіліктен, әкімшіліктің бас атқарушы директорынан, әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелері мен органдарынан Жедел комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға құқылы.

Ақпарат пен материалдарды ұсыну туралы сұрау салулар, егер Жедел комитеттің шешімінде өзгеше белгіленбесе, Кеңес хатшысы арқылы жіберіледі.

4-тарау. Жедел комитеттің құрамы

11. Жедел комитеттің құрамы Кеңестің шешімімен бекітіледі және ол Кеңестің қолданыстағы мүшелерінен тұрады.

Жедел комитет мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс. Бұл ретте оның жалпы құрамының кемінде қырық пайызы Кеңестің тәуелсіз мүшелері болуы керек.

5-тарау. Жедел комитеттің төрағасы

12. Жедел комитеттің төрағасы Жедел комитеттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

13. Жедел комитеттің төрағасы:

1) Жедел комитеттің отырыстарын шақырады;

2) Жедел комитет отырыстарын өткізудің нысанын, күнін, орны мен уақытын айқындайды;

3) Жедел комитеттің отырыстарында төрағалық етеді;

4) Жедел комитеттің хатшысына отырыстарды дайындау бойынша тапсырмалар береді;

5) Жедел комитеттің отырыстарына әкімшілік, мемлекеттік органдар өкілдерін, консультанттарды, сарапшыларды және өзге де тұлғаларды шақыру қажеттілігін айқындайды;

6) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

7) Жедел комитет отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

8) Жедел комитет шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады;

9) Кеңес шешімдерінде және осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14. Жедел комитеттің төрағасы Жедел комитеттің отырысында болмаған жағдайда, қатысып отырған Жедел комитет мүшелері отырысқа төрағалық етушіні сайлайды.

6-тарау. Жедел комитеттің хатшысы

15. Жедел комитет қызметін ұйымдастырушылық, ақпараттық және құжаттамалық қамтамасыз етуді Жедел комитеттің хатшысы жүзеге асырады.

Егер Кеңес шешімінде өзгеше белгіленбесе, Жедел комитет хатшысының функцияларын Кеңес хатшысы жүзеге асырады.

Жедел комитеттің хатшысы Жедел комитеттің мүшесі болып табылмайды.

7-тарау. Жедел комитеттің отырыстарын ұйымдастыру

16. Жедел комитеттің отырыстары Кеңес отырыстарымен бірдей тәртіпте өткізіледі. Бұл ретте Жедел комитеттің құрамы бес мүшеден тұрған кезде кворум Жедел комитет мүшелерінің кемінде үшеуін құрайды.

17. Жедел комитеттің отырыстары тиісті күнтізбелік жылдың жартыжылдығында кемінде бір рет өткізіледі және оны Жедел комитет төрағасы өз бастамасы бойынша немесе Жедел комитет мүшесінің бастамасы бойынша шақырады.

8-тарау. Мүдделер қақтығысы

18. Отырысқа қатысып отырған Жедел комитет мүшелері күн тәртібіндегі мәселені қарау кезінде жеке, корпоративтік немесе ведомстволық сипаттағы мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы мәлімдеуге міндетті.

19. Жедел комитет мүшелері өздерінің жеке, корпоративтік немесе ведомстволық мүдделілігі олардың Жедел комитет мүшесінің міндеттерін тиісінше атқаруына әсер етуі мүмкін және (немесе) олардың мүдделері не олармен үлестес тұлғалардың мүдделері мен әкімшіліктің мүдделері арасындағы қайшылыққа әкеп соғуы мүмкін әрекеттерден тартынуға және сондай жағдайларға жол бермеуге міндетті.

20. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Жедел комитет мүшесі Кеңес немесе берілген өкілеттіктер шегінде Жедел комитет бекіткен мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатына сәйкес оның бар екендігі туралы Жедел комитетті дереу хабардар етуге міндетті.

21. Мәлімделген мүдделер қақтығысы туралы ақпарат Жедел комитет отырысының хаттамасында көрсетіледі.

9-тарау. Жедел комитет мүшелерінің құқықтары, шектеулері мен міндеттері

22. Жедел комитет мүшелері:

- 1) Жедел комитеттің төрағасына отырыстың ұсынылатын күн тәртібі қамтылған жазбаша хабарлама жіберу арқылы Жедел комитет отырысын өткізуге бастамашылық жасауға;
- 2) күн тәртібін қалыптастыру кезінде Жедел комитет отырысының күн тәртібі және мәселелерді талқылау тәртібі бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 3) әкімшіліктен Жедел комитеттің өкілеттіктеріне және Алатау қаласын дамыту мәселелеріне тікелей қатысы бар ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;
- 4) Жедел комитеттің төрағасына жазбаша өтініш жіберу арқылы өз өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 5) қаралатын мәселелер бойынша ерекше пікірін білдіруге;
- 6) Конституциялық заңға, Кеңес шешімдеріне және осы Ережеге сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

23. Жедел комитет мүшелерінің:

- 1) әкімшілік мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кеңес шешімдеріне, Жедел комитет шешімдеріне қайшы келетіндей, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға және оның пайдаланылуына жол беруге;
- 2) өзінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Жедел комитеттің басқа мүшесіне беруге;
- 3) өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында өздеріне қолжетімді болған қолжетімділігі шектеулі ақпаратты жеке мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ оны жария етуге құқығы жоқ.

24. Жедел комитет мүшелері:

- 1) Жедел комитеттің отырыстарына, сондай-ақ өздері мүшелері болып табылатын сараптамалық және жұмыс топтарының жұмысына қатысуға;
- 2) отырыс басталғанға дейін Жедел комитеттің төрағасы мен Жедел комитеттің хатшысына өзінің келмей қалу себептерін көрсете отырып, отырысқа қатысу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарлауға;
- 3) әкімшіліктің және Алатау қаласының мүддесі үшін әрекет етуге;
- 4) жеке, корпоративтік немесе ведомстволық сипаттағы мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуге (туындауынан бойды аулақ ұстауға);
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Кеңес шешімдерінің және осы Ереженің талаптарын сақтауға міндетті.

10-тарау. Құпиялылық

25. Жедел комитет мүшелері, Жедел комитет хатшысы және шақырылған тұлғалар Жедел комитеттің қызметіне қатысуға байланысты алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

26. Әкімшілік туралы қолжетімділігі шектеулі ақпарат үшінші тұлғаларға жария етілмеуге және (немесе) жеке мақсаттарда пайдаланылмауға тиіс.

27. Құпиялылықты сақтау жөніндегі міндет Жедел комитет мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін немесе шақырылған тұлғаның Жедел комитет қызметіне қатысуы тоқтатылғаннан кейін де сақталады.

11-тарау. Қорытынды ережелер

28. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Кеңестің шешімімен енгізіледі.

29. Жедел комитеттің құрамы Кеңестің шешімімен өзгертілуі немесе оның күші жойылуы (таратылуы) мүмкін.